

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/CBNR7133>

**Ш. А. Кыяхметова¹, *М. Т. Джакыпбекова²,
А. К. Жазыбекова³**

^{1,2,3}Т. Жансүгіров атындағы

Жетісу университеті,

Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

¹ORCID: <http://orcid.org/0000-0001-9886-471X>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6375-5257>

³ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-6876-7981>

*e-mail: Mamilya_72@mail.ru

I. ЖАНСҮГІРОВТІҢ САРАПТАМАЛЫҚ МАҚАЛАЛАРЫ

Мақалада ұлт мүддесіне қызмет еткен, саяси, мәдени өміріне белсене араласып, атсалысқан тұлға І. Жансүгіровтің баспасөз беттерінде жарияланған сараптамалық мақалаларының ролі, ондағы көтерген мәселенің өзектілігі, шыншылыдығы, фактінің берілуі сарапталды. Илияс Жансүгіровтің публицистік еңбегі, проблемалық мақаласы бүгінгі күн тұрғысынан бағаланып, қазақ баспасөзіндегі мақала жанрын бағамдаудағы орны айқындалады. І. Жансүгіров шығармашылығы негізінде баспасөздің ХХ ғасыр басындағы дамуының ішкі заңдылықтары ашылып-айқындалды.

Илияс Жансүгіров мақалаларының маңыздылығы қазақ халқының дүниетанымдық көзқарасын қалыптасыруға, рухани әлемін байытуға, ұлттық сананың өсуіне, қоғамдағы келеңсіз құбылыстарға терең талдау жасай отырып, өз оқырманына жол көрсете білуінде. Оның мақалаларын сараптау арқылы оқиғаға баға бере алуы, шындықты шеберлікпен жеткізе білуі талданды. Автордың қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған публицистикалық туындыларының саяси астары, публицистік өзіндік көзқарасы, өзекті мәселелерді шешу жолындағы ой тұжырымдары мен айғақты пікірлері ашып көрсетілді. Оның шығармалары оқырмандарды терең ойлануға және қоғамның өзекті мәселелерін шешуге шақырады. Қазақ қоғамының рухани және мәдени дамуына үлкен үлес қосты.

І. Жансүгіровтің ұлтының тарихи-мәдени өміріне өзінің парасаттылығымен, көкейкесті проблемаларды көрсете алуымен

қоса сыни ойлана білуі, сол мәселелерге сергек қарап, жедел үн қоса білуі қарастырылды.

Кілтті сөздер: ұлттық баспасөз, публицист, сараптамалық жанр, проблемалық мақала, жазушы-журналист.

Кіріспе

XX ғасырдың басы қазақ елі үшін саяси-мәдени, ағартушылық, жалпы ұлттық сананың селт етуіне ықпал еткен оқиғалар кезеңі болды. Ал бұл өз кезегінде санасы сергек, рухани әлемі бай, ұлтжанды тұлғалардың қалыптасуына жол ашты. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ғұмар Қараш, Смағұл Сәдуақасов, Әлімхан Ермеков, Қошқе Кемеңгерұлы, М. Жұмабаев, І. Жансүгіров секілді қазақ қайраткерлерінің патша үкіметінің аяусыз жаншып, басуынан өз халқын аман алып қалудың амалын қарастырды, саяси мәні зор еңбектер жазды, тәуелсіз мемлекет болу идеясын қолдады. Олардың адамның бостандық пен теңқұқылық аясында болуы қажеттігін айтуы Еуропаның прогрессивтік саяси-құқықтық ілімдерінен сусындағанын көрсетті.

Қандай да бір ойшыл дарындарға ортақ қасиет тек өзі өмір сүрген дәуір шындығын дөп басып, тани біліп қана қоймай, болашақты да тура болжай білудің уақытпен, тарихпен кіндіктес деп танысақ, олар өздерінің алдында қандай міндет тұрғанын терең түсіне білді, яғни халқымыздың азаттығы үшін рухани күрес туын көтерген мемлекеттік дәрежедегі қайраткерлер болып қана қойған жоқ, сонымен қатар, туған халқының озық ойлы, жан-жақты білімді ел қатарына жетуін аңсап, осы мақсатты орындау жолында аянбай тер төкті. Қоғамдық дамудың әлсіздігін, өз ұлтының қараңғылық пен қанау қыспағындағы аянышты өмірін, патша өкіметінің отаршылдық саясатының халықтың тұрмыс-тіршілігін ауырлатып, саяси құқығын тежеп отырғанын көре білді, халықты патшаның отаршылдық бұғауынан құтқарудың жолдарын іздестіріп, сол жолда қызмет етті.

Әділетсіз қоғамның құрсауынан құтылуды көздеген ұлт зиялылары өз шығармалары арқылы мәдениетімізді қалыптастыруды, әдебиетімізді дамытуды, заманмен тең кадам басуды арман етіп, мақалаларында адамгершілікті нығайтуға, оқу-білімге ұмтылуға шақырды.

Бұл зерттеу жұмысы алаш азаматының бірі Ілияс Жансүгіровтің XX ғасырдың басындағы сараптамалық мақалаларын талдауға арналған. Оның публицистикасы арқылы сол заманның қоғамдық, мәдени және экономикалық жағдайын түсінуге мүмкіндік береміз. Осы арқылы біз Ілияс Жансүгіровтің шығармашылық мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеуді арттыра отырып, ұлттық баспасөзіміздің теориялық деңгейін көтеруге үлес қосамыз.

Материалдар мен әдістері

Ілияс Жансүгіровтің мақалаларын ғылыми тұрғыда пайымдау ұлттық баспасөзіміздің деңгейінің көтерілуіне септігін тигізеді. Ол өз дәуірінің, қазіргі заманның көркем шежіресін жасады. Оның әр мақаласында бүгінгі күннің тынысы, мәселелері анық көрінеді. Ілияс Жансүгіровтің мақалаларында әлеуметтік теңсіздік, өз заманының тыныс-тіршілігін журналистік көзқараспен бағамдау, қоғамдағы орын алған басты кемшіліктерді көрсету және замандастарына бағыт беру, яғни уақыттың шындығын реалистік тұрғыдан жазу болды.

Мақалалар жазылған уақыттың тарихи, әлеуметтік және саяси жағдайларын анықтау үшін сол кезеңдегі архивтік құжаттар мен тарихи зерттеулер пайдаланылды.

Ілияс Жансүгіровтің мақалаларының мәтіні мазмұнды талдау әдісі арқылы зерттелді. Бұл әдіс мақалалардың тақырыптарын, негізгі ойларын, проблемалық мәселелерін және олардың шешімдерін талдауға мүмкіндік береді. Ілияс Жансүгіровтің проблемалық мақалаларын терең және жан-жақты талдау оның қазақ журналистикасындағы орнын анықтауға көмектеседі.

Зерттеу барысында Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығы мен публицистикалық еңбектері туралы жазылған ғылыми зерттеулер пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

«Алаш зиялыларының баспасөз ісін ұйымдастыруы жайлы ғалымдардың іргелі зерттеу еңбектері бүгінде көптің қажетіне жарап отыр» [1, 67-б.]. Бұл еңбектердің зерттеу өрісінде түбегейлі жаңа мазмұн түзуге бет алған ұстанымдар қалыптасты, ұлттық баспасөздің өрісін кеңейтіп, өресін биіктетті. Бұл зерттеулерде қозғалып отырған елеулі ой-пікірлер, ғылыми-теориялық ұстанымдар қазақ баспасөзінің зерттеу әдіснамасын дамытты. Бұл зерттеу жұмыстарының негізгі мәні – ХХ ғасырдың басындағы қазақ баспасөзін дамытудағы ерекше кезеңі ретінде белгіленуінде, кеңестік жүйе шындығы талқыға қайта түсіп, тарих таразысына тартылуында. Демек, І.Жансүгіровтің сараптамалық еңбектерінің қазақ баспасөз тарихына тигізіп отырған пайдасы ұшан-теңіз.

Қоғам санасының қалыптасуына ақындық жырларымен, журналистік шеберлігімен үлес қосқан қаламгер Ілияс Жансүгіров –қазақ баспасөзінде өзіндік ізі, өзіндік үні бар ірі публицист. Мақалаларында білім, ғылым, денсаулық, кеңес қызметі, өнер, т.б. тақырыптағы проблемалар қамтылған. Ілияс мақалаларында тарих, әдебиеттану, тілтану, этнография, көркем аударма, т.б. мәселелер бойынша да қалам тербеді.

I. Жансүгіров журналистік шығармашылығын 1921 жылдары «Жас алаш», «Тілші» газеттерінен бастағаны белгілі. Илияс сол кезеңдегі өзекті мәселелерге қалам тербеді. Оның газет бетіндегі мақалалары жанды суретпен, жарқын оймен, тосын түйінмен жазылғанын аңғарамыз. Мәселен, «Ауылдағы оқытушылар міндеті», «Жетісу қазақ институты өмірі» тағы да басқа мақалаларында оқу-ағарту мәселесін тұжырымды оймен бергендігімен құнды. Ол осы мақалалары арқылы терең білімді, саяси сауатты, төселген журналист ретінде танылды [2, 149-б.]. XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзінің орны ерекше. Себебі, бұл кезең Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы өзгерістерге, түрлі оқиғаларға, тарихи кезеңдерге толы болды. Ол сол уақыттағы өзекті мәселелерді тереңнен талдап, шынайы суреттеген публицист ретінде алғашқылардың бірі болып танылды. Оның проблемалық мақалалары сол дәуірдегі қазақ қоғамының тынысын көрсетіп, оқырмандарды сын көзбен қарауға және қоғамдық сананың өзгеруіне шақырды.

Илияс Жансүгіров қаламын ұштаған мақала – сараптамалық жанр. «Мақала – бұл өмірлік маңызды құбылыстардың, мәселелердің немесе өзекті жағдайлардың жергілікті көрінісі» [3, 6-б.]. Нақты айтатын болсақ, мақаладағы факті автордың ойын жетелейтін құрал. «Луис Бельтрано считает, что информация, обработанная в журналистике, представляет собой «чистое и простое сообщение фактов, относящихся к настоящему времени или прошлому, которое влияет на ситуации настоящего» [4, 18-б.].

I. Жансүгіровтің мақалалары оқырмандарға қоғамдағы өзекті жағдайларды және құбылыстардың себебін түсіндіруге және ойландыруға бастама болды дегенді айта аламыз. Т. Қожакеев: «Журналист Жансүгіров мұрасының басты құнары тілінде. Қазақ тұрмысының әсерлі, шынайы елесі, ой-пікір бейнелілігі, табылған теңеу, келісті портрет, күлкілі қимыл-әрекет оқырманды мейлінше тұшындырып, тамсандырып тартып отырады. Әсіресе, жазушы-журналист образды ойлауға, айтпақ пікірді бейнелеп жеткізуге шебер» [5, 222-б.], – деп баға береді.

Публицистің білім саласында қызмет етуі сол саланың әлсіз, әлі де болса олқы тұстарын көре жүріп, оқу-білім тақырыбына қалам тербеуіне себепші болды деуіміз негізсіз емес. Мысалы, «Жетісу оқу мәселесі» [6, 5-б.] мақаласында Жетісу өңірінде қазақ-қырғыздың патша тұсында да, ақтармен күрес тұсында шаруасы шашырап, қиындықты көп көргенін айтады. Сол қиындықтардың бірі оқыту мәселесі дей келе, төңкерістің зардабы білімге тигенін, хат танығандардың бәрі мұғалімдікке тартылып, мектептер қамыс, шеңгелдерден құрылғанын, ал осының бәрі халықтың білімге деген ынтасын әлсіретуге ықпалын тигізді дейді. Үкіметтің назарын оқу-білімге салу керектігін, халыққа құрғақ айқайлауды қойып,

тиянақты жұмыс жасап, саны бар, сапасы жоқ мектептерді ретке келтіру керектігін ашық айтады.

Илиястың газеттің ең өткір жанры мақалаға ден қоюы тегін емес. Публицист тақырыпты терең зерттеп, фактілер мен болмыстан түзу, ойлы қорытындылар шығару қажет. Сонымен бірге әсерлі де бай, өз оқырманына бүкіл болмыс-бітімі ашық, батыл жеткізе білу әр журналист-публицистке тән қасиет болуы керек. Міне, осы тұрғадан алғанда Илияс алдына жан салмайтын [7, 73-б.]. «Газеттің сараптамалық жанры арқылы оқырманын селт еткізіп, ой салдырып, іздендіріп, әр жайдың ара-жігін ажыратып, дәл ой-пікірін білдіреді» [8, 120-б.]. Осыған дәлел 1924 жылы «Тілші» газетінде жарияланған «Кеңседе жергілікті тілді жүргізу» мақаласында тіл мәселесін көтерген. Түркістан кеңес өкіметі мемлекетте өкімет құрылысының тілі, халықтың тілімен жүргізілсін деген декрет шығарады. Декрет шығуын шықса да, құжаттар әлі жергілікті тілге көшпегенін, сол баяғы күйде қалып отырғанын өткір баяндайды. Халықтың әлі отаршылдық әсерінен арыла қоймағанын, жасқаншақтың құлы екенін айта келе, тіл төңкерісіне ешкімнің құлшына араласқысы келмейтініне қынжылады. «Уездгі, облыстағы мекемелер жарлық-бұйрықтарды орысша жіберіп жатыр. Осы ретпен кете берсе, еш нәтиже шықпайды. Жұмыстың нәтиже бергенін қаласақ, жоғарыдағы мекемелер істі қолға алу керектігін айтып, облыстық, уездік комиссиялар жарлықты жазуды, нұсқаларды жергілікті тілде жазуын; институттар, мектептер ана тіліне көшуін; ауылда, облыста қатынас қағазы, есеп, актілер үлгі ретінде ел ішіне таратылсын» деп нақты ұсыныс жасайды.

«Дәл осы сараптамалық журналистика аудиторияға осы немесе басқа құбылыстың себебі неде, оның дамуының болашағы қандай, адамдар үшін оның құндылығы қандай, мәселені шешудің қандай жолдары мүмкін және неге автордың ойларын өзімен салыстыруға және белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік беретіндігін» [9, 27-б.] А. Тертычный атап өтеді. Ғалымның осы сараптамалық мақала туралы тұжырымын публицисттің еңбектерінен көре аламыз. І.Жансүгіров баспасөз сол заманның бағдаршамы, қалың бұқараның санасына сәуле түсіретін саңылау екенін, ел ішінде жүргізіліп жатқан іске араласа отырып, елдің мұң-мұқтажын газеттегі сараптамалық еңбектері арқылы баяндап, тәлім-тәрбие беруге болатынына кәміл сенді.

Илиястың құлшына көтерген тақырыбының бірі – қазақ әйелдерінің тағдыры. Бұның бір дәлелі «Тілші» газетінде халықаралық әйелдер күні қарсаңында жарияланған «Қазақ әйелінің өмірінен» атты мақаласы. Әйел затын бейнелей келе, «Кешегі Алатау жайлап, Арқа күзеп, Сыр қыстаған заманда, ұшы-қиыры жоқ бұлттай көшпелі үркінде шаруа ұйтқысы қазақ бәйбішелері болған. Халық шаруасына төтеп келген жапан даланың жалмауыз, ақсүйек жұттарында арық-тұрақ малды күреп ашып, асыраған

кесел-келбетсіз шаруа құты келіншектер болған. Бет жалаған аяздарда, борандарда, елдің үркін-қорқын жаугершілік заманында көш жөнекей босанып, жас баласын құндақтап, үсінбей-қабынбай көшіп кете беретін қайратты қатындары болған», – деп жазып, бұрынғы кездегі әйелдің қайратын бойына сіңірген игі қасиеттерін жазады. Және «Қазақ әйелі – қазақ анасы, қазақ бесігі» деген анықтама береді.

Ілияс Жансүгіров – қаламынан түрлі жанрда тамаша туындылар шыққан, қазақ әдебиеті өнерінде өшпес із қалдырған үлкен қаламгер. Ұлт әдебиетінің іргесін қалап қана қоймай, оның өміршеңдігін нақты өлмес туындыларымен байытқан талантты суреткер. Қазақ жеріндегі аласапыран төңкеріске дейін негізінде, ауыз әдебиеті ғана дамыған қазақ даласында поэзияның, прозаның, драматургияның, аударма, балалар әдебиеті мен публицистиканың тамаша үлгілерінің дүниеге келуіне өзіндік үлес қосқан жаңашыл қаламгер болғандығын әдебиет тарихы жоққа шығармайды [10, 6-б.]. Мамытбек Қалдыбаевтың Ілиясты кеңес журналистикасының шоқтығы биік, ірі өкілі, алғаш келген жыл құстарының бірі дегені [11, 268-б.] шындыққа сай.

Публицист әдебиет, мәдениет, өнер тақырыбында да біраз қалам тербеген. І. Жансүгіровтің «Пушкин аудармасы қазақ әдебиетіне не берді» деген мақаласы Пушкиннің 100 жылдығына арналған. Мақаласында Пушкинді қазақ даласына танымал еткен ақын Абай екендігін айырықша атап өтеді. Ол оқырмандарына қазақ оқушылары өз жазушыларымыздан басқа кімдерді оқиды деген сұрақ қояды. Қазақ әдебиетінің аудармаға көңіл бөлуі өте орынды екенін, әлемге танымал жазушылардың еңбегін оқу арқылы төл мәдениетіміз, әдебиетіміз кемелдене түсетінін айтады. Пушкиннің 100 жылдығына қазақ жазушыларының 3 томдық аударма жасағандығын, оның ішінде «Евгений Онегин», «Руслан – Людмила» поэмасы, «Дубровский», «Капитан қызы» әңгімелері мен көптеген өлеңдері бар екендігін атап өтеді. Бұл қазақ баспасының, қазақ жазушыларының атқарған тарихи, мәдени маңызды еңбегі, сонымен қатар, Пушкинді қазақшаға аудару әдебиетіміздің биікке көтерілгендігінің бір дәлелі екендігін түсіндіреді.

Ілияс Жансүгіров ХХ ғасыр басындағы баспасөз өміріне араласып, қазақ қоғамының дамуына сыни көзқараспен қарап, сараптамалық мақалаларын жаза отырып, ел ертеңіне жанашырлықпен қарады. Сол арқылы қазақ баспасөз тарихы мен журналистикасының даму процесіне өшпестей із қалдырды.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2023–2025 жылдарға арналған АР19680053 «Гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Ілияс Жансүгіров мұрасы: ХХІ ғасыр контекстінде» тақырыбындағы ҚРҒЖБ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан жоба аясында жазылды.

Қорытынды

Ілияс Жансүгіров баспасөз бетінде жарық көрген сараптамалық мақалаларында қазақ халқының бар болмыс-бітімін, бейнесін шынайы көрсетуге, рухани-мәдени әлемін байытуға, қоғамның осал тұсын сынға ала отырып, сындарлы сәтте сынбауға шақырды. Ол қазақ халқының ертеңіне елендеп, көкейкесті мәселеге қалам тербеген ұлтының ұлы болды десек артық айтпаған болар едік. Себебі, сол кездегі баспасөз бетінде жарық көрген проблемалық-сараптамалық мақалалар түгілі, әр сөз қатаң қадағаланып, жіті тексеріліп отырғандығын естен шығармағанымыз абзал. «І.Жансүгіров орыс тілінде жақсы сөйлейтін және де орыс классикасы мен осы заманғы әдебиеттен білімі ұшан-теңіз терең еді» [12, 120-б.]. Осындай білімі терең, озық ойлы азаматтың елінің болашағына елендеуі, заманына үн қосуы заңды да.

XX ғасыр басында еліміз ұлт болып қалыптасу жолының аса күрделі кезеңін бастан кешірген тұста, І.Жансүгіров мақалаларында өз ұлтының өзекті мәселелерін ашық айтып, азаматтық ұстанымынан таймай, әділ баға бере алды. Баспасөз беттерінде жарияланған сараптамалық мақалалары әдебиет, мәдениет, өнер, білім, тарих тақырыптарын толғайды, ол оқырманға ой салып қана қоймай, жауапты билік өкілдерінің назарын аудартуға тырысты. Елінің жанашыры, ұлт болашағын ойлаған тұлға ғана тереңнен тербейді, түсінеді, түйсінгенін, сезгенін, білгенін бөлісуге тырысады. Ол ұлттық рухани мәселелерді қозғайтын, шынайы материалдарды батыл жаза білді, қазақ халқының тағдырына байланысты оқиғаларға өз көзқарасын ашық білдірді. «Әрине, сөзсіз Ілияс дегенде ақындығы бірінші еске түседі, дей тұрғанмен, оның публицистік еңбектерінің қазақ журналистикасында алар орны ерекше» [13, 99-б.].

Қазақ халқын отарлық қыспағынан азат етіп, тәуелсіз ел атануды көксеген азаттық идеясы болсын, әйел теңдігі, оқуға, білім алуға үндеген ағартушылық идеясы болсын, қай жағынан алсақ та, Ілиястың сараптамалық мақалаларын кеңінен қарау үзіліссіз жалғаса бермек.

Осы уақытқа дейін зерттеліп, зерделеніп келген І.Жансүгіровтің мақалалары әлі де болса, терең зерттеуді қажет етеді. Себебі, тарихи маңызды, саяси-әлеуметтік оқиғаларға толы кезеңде өмір сүрген публицистің еңбектерінде тарихымызға, оның ішінде қазақ баспасөз тарихына берері мол деп білеміз.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Әшірбекова Г., Ахмет К., Бегайдарова Ж.** Тұрсынбек Кәкішев публицистикасындағы алаштану мәселелер [Мәтін] // Л. Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы, Журналистика сериясы. – 2009. – № 4 (141). – Б. 66–73. – [file:///C:/Users/Admin/Downloads/Ashirbekova%20\(2\).pdf](file:///C:/Users/Admin/Downloads/Ashirbekova%20(2).pdf)

2 **Кыяхметова, Ш.** Илиястану : оқулық [Мәтін]. – Талдықорған, 2023. – 196 б.

3 **Устюжанина, Л. И.** Аналитические жанры журналистики [Текст]. Методическое пособие / сост. Л.И. Устюжанина. – Иркутск, 2018. – 12 с.

4 **Francisco de Assis.** Fundamentos para a compreensão dos gêneros jornalísticos. – 2010. – № 21. – P. 16–33. – URL : <https://revistaalceu-acervo.com.puc-rio.br/cgi/cgilua.exe/sys/start.htm?sid=33>

5 **Қожекеев, Т.** Журналист Жансүгіров [Мәтін]. – Алматы : «Қазақстан» баспасы, 1991. – 237 б.

6 **Кыяхметова, Ш., Оразбаева, А.** Илияс Жансүгіров [Мәтін]. Библиографиялық көрсеткіш, 2019. – 140 б.

7 **Имангазинов, М. І.** Жансүгіров. Өмірі мен шығармашылығы [Мәтін]. – Алматы : «Кітап» баспасы, 2019. – 252 б.

8 **Дэвид, Рэндалл.** Универсальный журналист [Текст]. – Москва : МЦЖ, 2009. – 343 б.

9 **Тертычный, А.** Аналитическая журналистика [Текст]. : Учебное пособие для студентов вузов. – М. : «Аспект Пресс», 2013. – 352 с.

10 **Имангазинов, М.** Илияс Жансүгіров [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 2004. – 218 б.

11 **Қалдыбаев, М.** Ірі дарын [Мәтін]. – Алматы : «Жазушы» баспасы, 2008. – 268 б.

12 **Бейісқұлов, Т.** Құлагер ақынның қазасы [Мәтін]. – Алматы : «Баянжүрек» баспасы, 2019. – 304 б.

13 **Андас, Қ., Андас, М.** Қазақ журналистикасының жампозы Мәтін]. – Алматы : «Баянжүрек» баспасы, 2019. – 348 б.

References

1 **Äshirbekova, G. Axmet. K., Begaidarova, Zh. E.** Türsynbek Käkishev publicistikasyndaғы alashтанu мәсеleler [The Issues of Alash Studies in Tursynbek Kakishev's Journalism] [Text]. // L. N. Gumilev atyndaғы Euraziya ülttyq universitetiniñ habarshysy, Zhurnalistika seriyasy. 2009. – № 4 (141). – P. 66–73

2 **Кыуахметова, Ш.** Илиястану : оқулық [Coursebook : Ilyas studies] [Text]. – Taldyqorğan, 2023. – 196 p.

3 **Ustyuzhanina, L. I.** Analiticheskie zhanry zhurnalistiki Metodicheskoe posobie [Analytical genres of journalism. Methodological manual] [Text]. / sost. L. I. Ustyuzhanina. Irkutsk, 2018. – 12 p.

4 **Francisco, de Assis.** Fundamentos para a compreensão dos gêneros jornalísticos. – 2010. – № 21. – P. 16–33. – URL: <https://revistaalceu-acervo.com.puc-rio.br/cgi/cgilua.exe/sys/start.htm?sid=33>

5 **Qozhekeev, T.** Zhurnalyst Zhansügirov [Journalist Zhansugurov] [Text]. – Almaty : «Qazaqstan» baspasy, 1991. – 237 p.

6 Куяхметова, Sh., Orazbaeva, A. Ilyas Zhansügirov [Ilyas Zhansugurov] [Text]. – Bibliographic index, 2019. – 140 p.

7 **Imangazinov, M. I.** Zhansügirov. Ömiri men shyğarmashylyғы [I. Zhansugurov. Life and creativity] [Text]. – Almaty : «Kitap» baspasy, 2019. – 252 p.

8 **De`vid, Re`ndall.** Universalnyi zhurnalyst [The universal journalist] [Text]. – Moscow : MCzZh. 2009. – 343 p.

9 **Tertychnyi, A.** Analiticheskaya zhurnalistika. Uchebnoe posobie dlya studentov vuzov [Analytical journalism. Textbook for university students] [Text]. – M : «Aspekt Press», 2013. – 352 p.

10 **Imangazinov, M.** Ilyas Zhansügirov [Ilyas Zhansugurov] [Text]. – Almaty : Qazaq universiteti, 2004. – 218 p.

11 **Qaldybaev, M.** Iri daryn [A great talent] [Text]. – Almaty : «Zhazushy» baspasy, 1971. – 268 p.

12 **Bejisiqulov, T.** Qulager aqynnyñ qazasy [Death of the poet Kulager] [Text]. – Almaty : «Bayanzhürek» baspasy, 2019. – 304 p.

13 **Andas, Q., Andas, M.** Qazaq zhurnalistikasynyñ zhampozy [An outstanding figure of Kazakh journalism] [Text]. – Almaty : «Bayanzhürek» baspasy, 2019. – 348 p.

10.12.24 ж. баспаға түсті.

31.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ш. А. Кыяхметова¹, *М. Т. Джакыпбекова², А. К. Жазыбекова³*

^{1,2,3}Жетысуский университет имени И. Жансугурова,

Республика Казахстан, г. Талдыкорган.

Поступило в редакцию 10.12.24.

Поступило с исправлениями 31.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

АНАЛИТИЧЕСКИЕ СТАТЬИ И. ЖАНСУГУРОВА

Статья посвящена анализу роли аналитических статей Ильеса Жансугурова, опубликованных на страницах газет и журналов,

обращенных интересам нации и направленных на политическую и культурную жизнь. Деятельность Ильяс Джансугурова в качестве публициста и значимость его проблемных статей оценивается с точки зрения сегодняшнего дня, выявляется их место в жанре статьи в казахской прессе. На основе творчества Джансугурова раскрываются и уточняются внутренние закономерности развития прессы начала XX века.

Важно отметить, что статьи Ильяс Джансугурова способствовали формированию мировоззрения казахского народа, обогащению духовного мира, росту национального самосознания, а также умению проводить глубокий анализ негативных явлений в обществе и указывать путь своим читателям. Анализируя его статьи, можно отметить способность Джансугурова профессионально оценивать события и мастерски доносить правду. В его публицистических произведениях, направленных на защиту национальных интересов казахского народа, раскрываются политические аспекты, личные взгляды публициста, его мысли и конкретные мнения по решению актуальных проблем. Его произведения призывают читателей к глубокому размышлению и решению актуальных проблем общества. Джансугуров внес значительный вклад в духовное и культурное развитие казахского общества.

Рассмотрен вклад Ильяс Джансугурова в историко-культурную жизнь своей страны, его способность критически мыслить, указывать на насущные проблемы и оперативно реагировать на них.

Ключевые слова: национальная пресса, публицист, аналитический жанр, проблемная статья, писатель-журналист.

*Sh. Kiyakhmetova¹, *M. Jakyrbekova², A. Zhazybekova³*

^{1,2,3}Zhetysu University named after I. Zhansugurov,

Republic of Kazakhstan, Taldykorgan.

Received 10.12.24.

Received in revised form 31.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

ANALYTICAL ARTICLES BY I. ZHANSUGUROV

The article analyzes the role of expert articles published in the press by I. Zhansugurov, who served the interests of the nation, actively participated in political and cultural life, the relevance, truthfulness of the problem raised in it, and the transmission of facts. The journalistic work and the

problematic article by Ilyas Zhansugurov are evaluated from the point of view of today and their place in the evaluation of the genre of the article in the Kazakh press is determined. Based on the work of I. Zhansugurov, the internal patterns of the development of the press of the early twentieth century are revealed and identified.

The importance of Ilyas Zhansugurov's articles lies in the fact that the Kazakh people are able to form a worldview, enrich the spiritual world, promote the growth of national consciousness, show the way to their readers by making an in-depth analysis of negative phenomena in society. His ability to evaluate events by analyzing articles and skillfully convey the truth is analyzed. The political background of the author's journalistic works aimed at protecting the national interests of the Kazakh people, journalistic views, reflections and reasoned opinions on the way to solving urgent problems were revealed. His works encourage readers to think deeply and solve the pressing problems of society. He made a great contribution to the spiritual and cultural development of the Kazakh society.

The critical approach to the historical and cultural life of the nation by I. Zhansugurov with his rationality, ability to show current problems, attentive attitude to these issues and prompt response was considered.

Keywords: national press, publicist, expert genre, problematic article, writer-journalist.

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz